



## ПРЕЗИДЕНТ

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

### Күрметті кеңеске қатысушылар!

Бүгін біз Үкіметтің кеңейтілген отырысында өте өзекті мәселелерге тоқталамыз. Себебі – бәрімізге белгілі. Қазір дүние жүзі түбегейлі өзгеріске ұшырап жатыр. Жаһандық үдерістер, ең алдымен, еліміздің экономикалық ахуалына өсерін тигізетіні анық.

Жаппай цифрландыру дәуірі, яғни жаңа технологиялық кезең басталды. Күллі әлем мүлдем басқа жағдайда өмір сүреді. Біз соған міндетті түрде дайын болуымыз керек. Жаңа технологиялық ахуалға сақадай сай тұруымыз қажет. Бұл – еліміздің бәсекеге қабілетін арттырып, тұрақты дамуына жол ашатын аса маңызды фактор.

Үкімет пен өкімдердің жұмысы қаншалықты тиімді екенін алдымен экономиканың даму көрсеткіштері мен азаматтардың тұрмыс сапасына қарай бағалаймыз. Осы жұмыстың нәтижесі былтыр қандай болды? Негізгі міндеттер орындалды ма? Бүгін осы сұрақтарға тоқталамыз және жақын арада шешімін табуға тиіс өзекті мәселелерді талқылаймыз.

### Күрметті мемлекеттік қызметшілер!

Сырттағы ахуал күрделі болса да, елімізде жақсы нәтижелер бар. Ел экономикасы өсіп жатыр. Бірақ шешімін таппаған түйткілдер өлі де көп. Қазіргі таңдағы басты мәселе мынадай.

Әлем экономикасында болып жатқан тарифтік тартыстар мен санкциялық текетіретер қалыпты жағдайға айналды. Бұл үдерістің салдары жойқын болуы мүмкін.

Климатқа байланысты ұстанымдар да үлкен өзгеріске ұшырайтын болды. Мұндай жағдайда «жасыл энергетиканы» дамыту тәсілдерін қайта қарауға тура келеді. Бір жағынан, дәстүрлі қуат көздеріне деген сұраныс сақталады. Екінші жағынан, бұл мұнай, газ және көмір бағасының тұрақсыздығына өкпе соқтырады.

Қаржы саласында криптовалюталар мен басқа да цифрлық активтер кеңінен қолданыла бастады.

Жасанды интеллектті дамыту алдыңғы қатарға шықты, соған байланысты технологиясы дамыған алып елдер арасында бәсеке қыза түспек. Жаңа дәуірдің сын-қатерлері аз емес. Оны еңсеру үшін бізге тиісті стратегия керек.

Мен реформалардың нақты бағыты мен оны жүзеге асыру жолдары туралы осыған дейін де айттым. Үкімет ел экономикасын тұрапал қалудан сақтап, орнықты дамуы қамтамасыз ету үшін күрделі шешімдер қабылдауы керек және ең бастысы сол шешімдерді іске асыруға тиіс.

Бұл – жоғары білікті өрі жауапкершілік алуға дайын мемлекеттік қызметшілердің қолынан келетін жұмыс. Әлемдік тәжірибеге қарағанда, мемлекеттік аппараттың тиімділігі осындай күрделі кезеңдерде айқын көрінеді.

Үкімет қаншалықты қиын болса да, жаппай үнемдеуге көшіп, бюджет қаржысын тек қана аса өзекті мәселелерді шешуге



жұмсауы керек. Көпнеге қарай кәсілетін уақыт келді. Орынсыз шығынды тоқтатып, аяғымызды тартып басу қажет.

Енді Үкіметтің және басқа да құзырлы органдардың жақын арадағы негізгі міндеттеріне тоқталсам.

**БІРІНШІ.** Экономиканы өртарлапандыру. Былтыр өңдеу өнеркәсібі саласында 180 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Жобалардың жалпы құны – 1,3 триллион теңге. Соның нәтижесінде осы саладағы өсім 6 пайызға жуықтады. Бұл – соңғы он жылдағы ең жоғары көрсеткіш. Осы жақсы үрдісті біржола орнықтырып, сақтат қалу керек.

Тағы бір аса маңызды мәселе – экономикаға инвестиция тарту. БҰҰ мәліметтеріне сәйкес, Қазақстан бұл көрсеткіш бойынша айтарлықтай табысқа қол жеткізген. Дегенмен тоқмәйісуге негіз жоқ.

Инвесторлардың мәселесін шұғыл шешу үшін Инвестиция штабы құрылды. Соның арқасында бюрократиялық кедергілер мен құқықтық қарама-қайшылықтар жойылып, кейбір жобаларды тезірек жүзеге асыруға жол ашылды. Алайда басты мақсат – «жекелеген» проблемаларды ғана шешпей, елдегі тұтас инвестициялық ахуалды жақсарту.

Инвестициялық жобаларды әзірлеу барысында ведомствоаралық үйлестіруге өлі де көп уақыт кетеді. Үкімет басы артық бюрократиядан арылып, жедел жұмыс істеуі керек.

Мемлекеттік қызметшілердің құлықсыздығы және жауапкершілік алуудан тайсалыуы келісу рәсімдері мен шешім қабылдаудың тым ұзаққа созылуына себеп болып отыр. Мұны ашық айтқан абзал.

Үкімет инвестиция саласындағы жұмысты күшейтуі қажет. Басқа жол жоқ. Әйтпесе, инвестиция нарығында бәсеке қызып тұрған кезеңде заман ағымынан көш қаламыз. Бізге сапалы ин-

вестиция қажет екені анық. Озық технологияға негізделген және сыртқы нарыққа арналған жобаларды өдетте шетел инвесторлары ұсынады. Былтырғы 9 айда елімізге 12,7 миллиард доллар тікелей шетел инвестициясы тартылды. Көрсеткіше көңіл толғанымен, бұл 2023 жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 36 пайызға кем.

Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында тікелей шетел инвестициясын тарту қарқыны төмендеген. Ал жеке инвестицияның азауы бюджет есебінен өтеліп жатыр. Бірақ бүгін ғана даму бюджеті шектеулі екені айтылды. Ол ішкі жалпы өнім көлемінің небары 8 пайызын құрайды. Инвестициялық жобаларды бюджет есебінен өтеу тек қысқа мерзімдік нәтиже бөре алады. Біз мұны түсінуіміз керек.

Қазір бюджет тапшылығы бар екенін білесіздер. Сондықтан сапалы инвестиция өкелетін жауапкершілігі жоғары инвесторларға қосымша қарастырылған жөн. Мұндай саясат менің ел экономикасын ырықтандыру туралы стратегияма толық сай келеді. Бұл – маңызды сөз.

Үкімет инвесторды іздеуге, қолдауға және қорғауға қатысты жұмыстың бәрін жүйелі жүргізетін біртұтас экожүйе құруы қажет. Бұл жұмыс барлық деңгейде, яғни аймақта, орталықта және шетелде бірдей атқарылуы керек. Осы орайда шетелдік және отандық инвесторларға қатысты ұстаным бірдей болуы қажет. Мемлекеттің қолдауына ие болған компанияларға тиісті талап қойылуы керек. Олар жұмыс орындарын сақтауға, өндірісті жаңғыртуға тиіс. Сонымен бірге экология талаптарын мұлткіз орындауға міндетті.

Ірі өнеркәсіп жобаларын іске қосу жұмыстары баяу жүріп жатыр. Мұны кезінде елден

заңсыз шығарылған активтерді қазынаға қайтару ісімен қатар жүргізу қажет. Мен бұл жөнінде ірі бизнес өкілдерімен кездесулерде айтқанмын. Қазақстанда орта буында жататын көшбасшы компаниялар шоғырын қалыптастыру міндеті өлі де өзекті. Үкімет биылғы маусым айының соңына дейін келешегі зор әрбір орта кәсіпорынның жұмыс жоспарын әзірлеуге тиіс. Еліміздің сирек кездесетін металл кенішін, соның ішінде өлемде сұраныс артып келе жатқан литийді өндіру мен өңдеу әлеуеті өте үлкен. Бүгін Премьер-Министр баяндамасында осындай 17 кен орнының ашылғанын айтты. Демек біз осы салаға инвестиция мен озық технологияларды тартуымыз қажет. Бұл ретте шетелдік инвесторларға да, отандық бизнесмендерге де басымдық берген жөн.

Қазақстан нарығына геологиялық барлаумен айналысатын ірі шетелдік компаниялар келді. Жер қойнауын пайдалану құқығын ашық ері қаралаймын тәртіппен бөлетін Бірыңғай платформа іске қосылды. Парламент сессиясының соңына дейін бұл жұмыстың заңнамалық негізін қамтамасыз ету керек. Жер қойнауын пайдалану саласындағы реформа еш кедергіге қарамастан жалғасуға тиіс. Бұл – принципті ұстаным. Үкімет мұны қатаң түрде сақтауы қажет.

Ірі кен орындарының өнімін бөлу жөніндегі келісімді іске асыру нәтижесінде Қазақстан жаһандық нарыққа қуат көзін сенімді жеткізуіне айналды. Бұл жобалар еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қосады. Сонымен қатар қомақты инвестициялар ұзақмерзімді жоспарлауды талап етеді. Сондықтан Үкімет өнімді бөлу жөніндегі келісімдерді елімізге анағұрлым тиімді ері жаңа шарттармен ұзарту үшін келіссөздерді жандандыруы қажет.

Бұдан бөлек, игерілуі техно-

логиялық тұрғыдан күрделі бірқатар мұнай кен орындарын, сондай-ақ айтарлықтай қоры бар тақтатаст мұнай кеніштерін экономикалық айналымға енгізген жөн. Мұндай жобалардың коммерциялық тартымдылығын арттыру үшін Үкімет мемлекеттік қолдау шараларын қарастыруы керек.

Тағы да қайталап айтамын: қазіргі жаңа геосаяси және экономикалық жағдайда индустрияға болсын, ауыл шаруашылығына болсын, жалпы ел экономикасына жеке инвестиция тарту – Үкіметтің басты міндеті. Бұл стратегия еліміздің ұзақ мерзімге арналған ұлттық мүддесіне сай келеді. Сондықтан мұнда отаншылдықты жөлеу еткен жалған ұрандар орынсыз деп күмәнсіз айтуға болады. Сонда ғана Қазақстан өз экономикасына қосымша инвестиция тартарды, ресурстық әлеуетін арттырады, жаңа өндірістік кәсіпорындардың пайда болуына жағдай жасайды. Қоғам менің ұстанымымды білсін деп мұны өдейі айтып отырмын.

Былтыр энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуға арналған ұлттық жоба қабылданды. Бұл жоба аясында өнеркәсіп саласын дамыту үшін жаңа өнімдер шығару да қолға алынбақ. Отандық кәсіпорындар негізгі сұраныстың 40 пайызын ғана өтей алады. Үкімет жергілікті зауыттармен офтейк-келісім жасау арқылы құрал-жабдық өндірісін жолға қоюға тиіс.

Әлем Қазақстанға зор сенім артады, бізді «орта держава» ретінде таниды. Алайда бұл жоғары мәртебе тек сыртқы саясаттағы нақты нәтижелермен ғана емес, экономика, инвестиция, ғылым және технология салаларындағы жетістіктермен де бекітілуі тиіс.

Қазіргі геосаяси жағдай көршілермен, атап айтқанда, Орталық Азия және ЕАЭО елдерімен ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеруді қажет етеді. Бұл аймақтың бәсекеге қабілетін күшейтеді. Үкімет өнеркәсіп, көлік және логистика, IT сектор, агроөнеркәсіп кешені және басқа да салалардағы өзара тиімді байланыстар бойынша нақты шаралар әзірлеуі керек.

Бұдан бөлек, Қытай, Ресей, АҚШ, ЕО, Тауа Шығыс, Азия елдерімен және басқа да мемлекеттермен ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысын айрықша назарда ұстаған дұрыс.

Келесі кезек күттірмейтін мәселе. Туризм экономикамыз өсуіне қанаша серпін беретін сала болуы қажет. Бұл бағытта біз артта қалып барамыз, жұмыс мәрдымсыз жүріп жатыр. Еліміздің әр аймағында көрікті жерлер бар. Шетелден және ел ішінен келген туристер біздің қайталанбас қорықтарымызды аралап көргісі келеді. Бірақ белсенді және ауқымды туризмді дамыту үшін жағдайымыз жеткілікті емес. Сондықтан жеке инвесторларды да тарта отырып, қажетті инфрақұрылым салу жұмысын дереу бастау қажет.

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ

## Жалғасы, басы 1 бетте.

Туризм саласының инвестициялық өлеуетін күшейтуге арналған кез келген бастамаға қарсы шығатын адамдардың жетегінде кетпеу керек. Маңғыстауда өйгілі Бозжыраға байланысты сондай жағдай болғанын білесіздер.

Үкімет пен жергілікті мекеме өкілдері іскерлік ахуалды жақсарту үшін неғұрлым батыл шаралар қабылдауға тиіс. Мен экономикаға инвестиция тарту мәселесін бекерден-бекер басты орынға қойып отырған жоқпын. Мұның да стратегиялық маңызы зор. Экономикамыздың болашағы мен еліміздің өлем картасындағы орны, ең алдымен, осыған байланысты.

**ЕКІНШІ.** Инфрақұрылымды дамыту ісін жаңа деңгейге көтеру керек.

Үкіметтің және жергілікті атқарушы органдардың күш-жігерімен біз энергетикалық және коммуналдық саладағы ауыр дағдарысты еңсердік. Енді Үкімет мұндай жағдайға жол бермеуге тиіс.

Жылу стансаларындағы апаттар елімізге абырой әпермейді, беделіне нұқсан келтіреді және бұл мемлекеттік қызметшілердің жауапсыздығы мен біліксіздігін көрсетеді. Аймақтарда коммуналдық шаруашылықтағы басшылық орындарда кәсіби мамандар емес, заңгерлер мен басқа да гуманитарлық сала өкілдері отыр.

Энергетикалық және коммуналдық нысандардың жұмысын жаңа стандарттарға жедел түрде көшіру керек. Үкімет жаңа тариф саясатын жүзеге асыруды жалғастыруға тиіс. Тарифтер нарық талаптарына сай болмаса, электр энергиясымен, жылумен және сумен үздіксіз қамтамасыз ету мүмкін емес. ТМД елдерінің бәрінде дерлік электр энергиясының, газдың және мұнай өнімдерінің бағасы Қазақстанға қарағанда қымбат. Бұл жағдай экономика балансының бұзылып, шотқақтауына әкел соғады. Ақиқаты осы, оның несібін жасырамыз?! Көршілес елдерге контрабандалық жолмен жанар-жағармай тасылатынын жұрттың бәрі көріп отыр. Өз кезегінде бұл ел ішінде қылмыстың өтек алуына негіз болады.

Біз қоғамда ресурстарды үнемделі пайдалану мәдениетін қалыптастыру маңызды екенін талай жылдан бері айтып келеміз. Бірақ азаматтарға үндеу тастау жеткіліксіз. Бұдан бөлек, ресурстарды тұтынудың өлеуметтік нормаларын енгізу қажет. Үлгі етуге болатын жақсы мысалдар бар. Мысалы, дәл осындай ұстаным ай сайын суды сепсіз пайызға жуық үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл – аса маңызды. Себебі Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орталық Азияда су тапшылығы күшейіп тұр. Сондықтан суды үнемдейтін технологияларды пайдалану мәселесі өте өзекті.

Көрші Қытай елінде өлемдік деңгейдегі озық технологиялар бар, олар тәжірибесін бөлісуге дайын. Бірақ біздің жақ – құлықсыз, оның үстіне батыл шешімдер жоқ. Үкіметке осы шаруаман белсенді айналысып, 1 маусымға қарай жұмыс барысы туралы есеп беруді тапсырамын.

Тағы бір мәселе – мемлекет тарапынан берілетін өлеуметтік көмектің нақты иесіне жетуі. Көмек шын мұқтаж адамдарға берілуі тиіс екені қаншама рет айтылды. Қазақстан – шын мәнінде өлеуметтік мемлекет. Бірақ бұл – азаматтарымыздың, әсіресе, ескелен ұрпақтың еңбек етуге ынтысан азайтып, оларды масылдыққа үйрету деген сөз емес.

Қазақстанға көрші елдерден жүз мыңдаған еңбек мигранты жұмыс іздеп келіп жатыр. Олардың бұл әрекетін құрметке лайық деуге болады. Себебі олар отбасына нәпақа табу үшін жұмыс істегісі келеді. Үкімет өлеуметтік көмек мәселесіне келгенде тым сақтық танытуда. Десек те, нақты ұсынатын мен оны шешу жолдарын қарау қажет.

Тағы бір маңызды міндет – тұрғын үй қорын басқару жүйесін жаппай реформалау. Қала



құрылысын жоспарлаудан бастап, нысандарды пайдалануға беруге дейінгі барлық үдерісті цифрлық форматқа толық көшіру қажет. Бірыңғай ақпарат жүйесін жыл соңына дейін әзірлеу керек.

Біз былтыр тұрғын үй құрылысы бойынша рекордтық көрсеткішке қол жеткіздік (19 миллион шаршы метр). Бұл – өте жақсы. Бірақ тұрғын үйдің санына емес, сапасына және оның қолжетімді болуына баса назар аударған жөн.

Енді келік-логистика инфрақұрылымына тоқталайық. Транзит – жүк тасымалына қатысты халықаралық бәсекедегі біздің орасан зор артықшылығымыз. Мұны толықтай өрісінді пайдалануымыз керек.

Қазақстан арқылы өтетін темір жол дәлізін дамыту жұмысын тездету қажет. Бұл жоба Транскаспий бағдарының негізгі бөлігі болмақ. Осы бағыттағы маңызды жобалардың біразы қазір жүзеге асырылып жатыр. Алдын ала қамданып, жұмысты тоқтатпай, жалғастыра беру керек.

«Мойынты – Қызылжар» бағытында жаңа темір жол құрылысын бастауды тапсырамын. Сондай-ақ Қызылжар бекетінен Ақтау портына дейінгі күре жолдың қозғалысы аса көп учаскелерін қаңғырту керек.

«Алтынкөл – Жетіген» темір жолын да көңейту қажет. Бұл Қытай мен Орталық Азия арасындағы келік дәлізінің өлеуетін едәуір арттырады.

Бұдан бөлек, темір жол тасымалын цифрландыру жобаларын уақтылы аяқтау маңызды. Мульти-модальды келік тораптарын дамытуға баса мән берген жөн. Сол арқылы тасымалдың барлық түрін өзара іріктіруге мүмкіндік туады. Биыл және келесі жылы осы бағытта ауқымды жұмыстар атқарылуға тиіс.

Жаһандық электронды саудасатық көлемінің артуы біз үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Сондықтан ел экономикасын дамытуға зор ықпал ететін осы үрдісті толық пайдалану керек.

Қазақстанға озық логистика жүйесі қажет. Қазіргі халықаралық нарықтың ерекшеліктерін ескерсек, бұл стратегиялық сипатқа ие міндет саналады. Автокөлік тасымалына арналған «жасыл дәліздің» тиімді қызметін қамтамасыз ету маңызды. Бұған дейін жоспарланған жолдарды салу және жөндеу жұмысын уақтылы аяқтау керек. Біз автокөлік тасымалының өлеуетін толығымен пайдаланып отырған жоқпын.

Заманауи технологияларды енгізейінінше, логистиканы

табысты дамыту мүмкін емес. Сондықтан қоймаларды автоматтандыру, маршруттарды цифрландыру, келік ағынын басқару ісінде жасанды интеллектті қолдану Үкімет жұмысының басым бағыттары болуға тиіс.

Шұғыл атқаратын шаруаның бірі – еліміздің аумағында халықаралық әуе хабын құру. Ірі әуежайларымызды бәсекеге қабілетті халықаралық хабқа айналдыру үшін тез арада батыл шешімдер қабылдау қажет. Алдымызда жүк және жолаушылар терминалдары, логистикалық орталықтары және заманауи сервистері бар толыққанды әуежай құру міндетті тұр. Жүк тасымалының барлық рәсімін жеңілдетіп, авиаотынға қолжетімді баға қою керек. Кейінгі мәселе өте өзекті. Өйткені біздің әуежайлардағы, атап айтқанда Астана әуежайындағы авиакеросиннің бағасы тым қымбат. Үкімет Бәсекелестікті қорғау ведомствосымен бірге аталған міндетті алғашқы жартыжылдықта орындауы керек.

Қазір өлемде әуемнен жүк тасымалдау нарығы 140 миллиард долларға бағаланып отыр. Бұл – орасан зор мүмкіндік. Алайда бірде-бір қазақстандық авиакомпания аталған салада толық жұмыс істемейді.

Шамамен бесінші айында өтетін Қауіпсіздік Кеңесінің отырысын еліміздің келік-транзит және логистика өлеуетін дамыту өрісін ыңғайту тақырыбына арнаймыз. Бұл мәселені бөлек қарастыру керек. Өйткені оның стратегиялық маңызы зор. Қазір келік және логистика саласы халықаралық бизнестің ретінде алдыңғы орынға шықты.

**ҮШІНШІ.** Цифрлық технологияны жан-жақты енгізу қажет. Қазақстан цифрландыру ісінде, әсіресе, мемлекеттік қызмет көрсету саласын цифрландыру жолында едәуір жетістікке жетті. Бірақ бұл – алдағы үлкен жұмыстың басы ғана.

Толыққанды цифрлық қожауға жасау үшін оның іргесі берік болуға тиіс, яғни, сапалы мәліметтер мен оны қорғайтын сенімді құйе қажет. Елімізде жасанды интеллект технологиясын қарқынды дамыту керек. Жыл соңына дейін оның кейбір түрлерін Электронды үкімет жүйесіне енгізу қажет. Бұл технологияны «Smart City» жобаларында кеңінен қолдану мәселесіне айрықша назар аударған жөн.

Адам капиталын дамытуды және жоғары оқу орындарын білім берумен ғылыми-зерттеу тиістеріне көшіруді кездейтін «Al-Sana» жасанды интеллектіні

оқыту бағдарламасының маңызы артып келеді. Үкімет цифрландыру мен жасанды интеллектті қолданудың біртұтас жүйесін құруға тиіс. Қазір жасанды интеллект нарығына не болып жатқанына қарағанда, Қытайлық компания 6,5 миллион долларға DeepSeek платформа-сын жасап шығарды. Оның тиімділігі миллиардтаған доллар жұмсалған платформалардан асып түсті. Жуырда Қытай тарапының цифрландыру мәселесімен, жасанды интеллектіні ойлап табумен айналысатын өкілімен кездестік. Бізге Қытай тәжірибесін міндетті түрде қолдану керек.

Үкіметке мемлекеттік органдар мен ұлттық компанияларға жасанды интеллект технологиясын енгізу жұмысын қолға алуды тапсырамын.

Жаппай цифрландыру мемлекеттің азаматтармен және бизнес өкілдерімен қарым-қатынасын айтарлықтай жеңілдетеді. Сондай-ақ бюрократияны және сыбайлас жемқорлық қатерлерін азайтады. Бұл – түсінікті.

Алайда таяқтың екі ұшы бар, цифрландыру дамыған сайын алаяқтық көбейіп барады. Қоғамдық пікірге теріс ықпал ету, биліктің беделін түсіру және өл ішінде алауыздық тудыру үшін жалған мәлімет таратып, ақпараттық шабуыл жасау белең алуда. Мұндай өрекеттер азаматтардың қауіпсіздігіне және елдегі тұрақтылыққа үлкен қатер төндіреді. Сондықтан интернет-платформаларда арандатушылық сипаттағы ақпарат таратқаны үшін жауапкершілікке тартуды заңмен бекіту мәселесін ойластыру керек. Бірақ киберқауіпсіздікті күшейту шаралары цифрландыру үдерісіне тосқауыл болмауға тиіс.

Қоғамда мемлекеттің азаматтарды кибералаяқтардан қорғау үшін қабылдап жатқан шаралары нәтижесіз деген қасаң пікір қалыптасып келеді.

Статистика да көңіл көншіпейді. Жыл сайын 20 мыңнан астам интернет-алаяқтық фактісі тіркеледі. Қылмыстың 80 пайызға жуығы әшкереленбейді. Рас, мұндай қылмыстарды ашу оңай емес. Үкімет, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Бас прокуратура және басқа да ведомстволар күше жігер біріктіруі керек. Шікі істер министрлігіне осы сипаттағы қылмыстарды әшкерелеуге көмектескен жөн.

Сондықтан Үкімет құқық қорғау органдарымен және қаржы саласын реттеушілермен бірге азаматтардың жеке деректерін қорғауды мейлінше қамтамасыз

етуі керек. **ТӨРТІНШІ.** Энергетиканы дамыту және ядролық кластер құру.

Еліміз өзін өзі электр энергиясымен толық қамтамасыз етіп, 15-20 пайыз шамасында резерв қалыптастыруға тиіс. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған міндет. Сондықтан алдағы екі жылда кемінде 3 гигаваттық жаңа қуат көздерін іске қосу қажет. Бұл – алдыңғы жылдардың көрсеткішінен 2,5 еседей артық меже (1,3 ГВт).

Біздің көміртегі бейтараптығына қол жеткізу туралы стратегиялық бағдарымыз өзгермейді. Алайда оны жүзеге асыруға барынша байыппен, салмақты түрде қараған жөн.

Біз қолда бар табиғи байлықтарымыз бен мүмкіндіктерімізді ұтымды пайдалануымыз қажет. Сондықтан өлдемқашан ескірген технологиялар бойынша салынған ЖЭС-терді инновациялық көмір стансалары алмастыруы керек. Қытай мен Оңтүстік Кореяда зиянды шығарындылары аз, жаңа буын көмір стансалары табысты жұмыс істеп тұр.

Өкінішке қарай, кезінде Балқашта көмір электр стансасы салынбай қалды. Соның кесірінен біз мықты қуат көзінен айрылып қалдық. Ал ондай станса бізге қазіргі таңда артық болмайтын еді. Энергия тапшылығы артып келеді. Сондықтан алғашқы Атом электр стансасының құрылысын тездету қажет. Жалпы елімізде ядролық кластер құру ісін қолға алу керек. Бұл еліміздің болашақта ойдағыдай дамуына қатысты аса маңызды міндет.

Үкіметке «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, атом саласын дамытудың ұзақ мерзімге арналған жоспарын әзірлеуді тапсырамын. Нақты нәтиже керек. Жан-жақты талдау жүргізіп, атом электр стансаларын салуға барынша қолайлы жерлерді, сондай-ақ заманауи және қауіпсіз технологияларды анықтау қажет.

Үкімет пен Парламент екінші ядролық стансаны қай аймақта салу қажет екені жөнінде маған ұсынсын беруі керек. Бірақ атап өткім келеді: елімізге ядролық қуат керек, онысы Қазақстан келешекте ойдағыдай дами алмайды. Қуат дегеніміз – бүкіл экономиканы дамыту деген сөз. Екіншіден, қуат жеткілікті болса, барлық аймақтар гүлденіп, өркендей түседі, халықтың тұрмысы жақсарыды. Бұл – айdan анық.

Үкімет 2027 жылы Батыс аймақтағы электр желісін еліміздің Бірыңғай электрэнергетикалық

# ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

жүйесімен біріктіруі керек. Сондай-ақ Оңтүстік аймақтағы электр желілерін күшейту жобасын жеделдеткен жөн. Оңтүстік өңірлердегі энергия тапшылығын жою үшін «жасыл» энергетика саласында ірі жобалар мен бу-газ қондырғылары іске қосылды. Сондықтан 2026 жылы «Бейнеу – Бозой – Шымкент» газ құбырына қарасты екінші тармақтың алғашқы кезеңін аяқтауымыз керек.

Жалпы газ саласын дамыту елдің орнықты әлеуметтік-экономикалық өрлеуінің негізгі факторына айналып келеді. Былтыр тоғыз өңірдегі 107 өлді мекенге газ жеткізіліп, 300 мың халықтың тұрмысы жеңілдеді.

«Шеврон» корпорациясымен бірге жаңа газ кеніштерін игеру жұмыстары басталып, Ақтөбе облысындағы Желібек учаскесін геологиялық барлау жөнінде ынтымақтастық орнады. Алайда Жаңаөзен мен Қашағандағы газ өңдеу зауыттарының, сондай-ақ Түркістан облысындағы бу-газ қондырғысы базасында жұмыс істейтін электр стансасының құрылысы ойдағыдай жүріп жатқан жоқ. Аталған жобалар межелі мерзімде аяқталуға тиіс.

**БЕСІНШІ.** Агрөнөкеркесін кешенінің өлеуетін арттыру қажет. Былтыр экономиканың басқа салаларына қарағанда ауыл шаруашылығы даму қарқыны бойынша алға шықты.

Бұған көктемгі егіс науқанына берілетін арзан несие көлемін едәуір арттырудың арқасында көп жеткізді. Быыл осы науқанға кемінде 700 миллиард теңге бөлу керек. Арзан несиеді малшыларға және ауыл шаруашылығы өнімін өндешеулерге берген жөн.

Тімділігі төмен субсидиялау тәсілінен жеңілдікпен несие беру тәсіліне көшу қажет. Мен бұл мәселе жөнінде осыған дейін де айттым. Осы міндетті орындау керек.

Былтыр диқандарымыз мол астық жинады. Бірақ Шыдай бағасы тым арзандап кетті. Бірақ араларды қолдауға және ішкі нарықты тұрақтандыруға Азық-түлік корпорациясы атсалысты. Бірақ бұл – уақытша шешім.

Көбірек табыс әкелетін дөңді-дақылға көшуді жалғастыру қажет. Сондай-ақ шикізатты сақтау және оны терең өңдеу мүмкіндіктерін арттыру маңызды. Өнімді шетелге шығаруға қолдау көрсету керек.

Малдың жұқпалы ауруларына қатысты ахуалды, соның ішінде екпе егу мәселесін ерекше бақылауда ұстаған жөн. Мал шаруашылығының экспорттық өлеуеті осыған байланысты.

Ауылды дамытуға арналған негізгі міндеттерге арнайы тоқталғым келеді. Бұл жерде инфрақұрылымды жаңғыртуға және бизнесті қолдауға басымдық берілуі керек. Ауылдық аймақтарды жан-жақты дамытуға арналған мемлекеттік қолдау шараларының бәрін бір бағдарламаға біріктіру дұрыс шешім болмақ, яғни «Ауыл аманаты», «Ауыл – өл бесігі» және тағы басқа бағдарламалар.

Үкімет пен өкімдерден жаңа, жүйелі әрі тиім тәсілдер күтесімін. Жалпы, ауыл шаруашылығында шешілмеген мәселелер аз емес. Фермерлер, сарапшылар түрлі түйткілдер туралы жазып жатыр. Мысалы, бордақылау орындары малсыз, жартылай бос тұр, себебі, мал көрші елдерге төмен бағаммен сатылып жатыр. Ауылдағы ағайынның тұрмыс сапасына ықпал ететін барлық мәселеге басқа мән беру қажет. Ауыл халқы қаржылық және мемлекеттік қызметтерден көп үзіп қалмауы керек. Қазір бұл міндет, негізінен, «Қазпошта» арқылы орындалып жатыр.

Үкіметке өкімдіктермен бірлесіп, пошта бөлімшелерінің шалғай өлді мекендерде үздіксіз жұмыс істейтін қамтамасыз етуді тапсырамын.

**АЛТЫНШЫ.** Салық-бюджет саясатын реформалау.

Бүгін бұл тақырыпқа қатысты қосымша баяндаманы тыңдадық. Жаңа өндіріс орындарын ашу, инфрақұрылымды дамыту және үдерістерді цифрландыру үшін инвестор қаржысын тарту қажет

екені түсінікті.

Бір жағынан мемлекет те экономикаға салынатын инвестиция көлемін ұлғайта береді. Сондықтан Үкімет барлық қаржыны басты басымдықтарға сай бөлуі керек. Бұл – Үкімет пен өкімдер бұлжылтпай орындауға тиіс негізгі бюджет қағидатының бірі.

Елімізде жаңа әрі барынша қатаң бюджет ережелері қолданысқа енгізілгеніне екі жыл болды. Алайда бұл жүйе әрдайым жұмыс істеп тұрған жоқ. Неліктен олай болды? Оған Үкімет өзі жауап беруге тиіс.

Үкімет ұсынған шаралар бюджетті Ұлттық қордан қосымша қаржы алмай-ақ толықтыруға мүмкіндік береді. Бірақ нақты есептеліп, жанама факторлардың бәрін ескеру керек. Сол себепті жаңа Бюджет және Салық қосқауының тиімділігі өзінше, қысқа мерзімде қабылдау міндеті тұр.

Бұл мәселені қоғам жіті бақылап отыр. Сондықтан бүкіл жұмыс ашық әрі түсінікті, кәсіби деңгейде жүргізілуі тиіс. Халыққа саясатымызды түсіндіру керек.

Мемлекет қаржысын барлық деңгейдегі бюджетке рационалды әрі өділ бөлудің маңызы зор. Тіпті ауылдық округтерге дейін қамтылуға тиіс.

Жалпы сипаттағы трансфертерді есептеген кезде барлық диспропорцияны ескергеніміз жөн. Республикалық бюджеттен, ең алдымен, көнжелеп қалған бөлігі бір өңірді жалпы елдің даму деңгейіне жақындататын жобалар қаржыландырылуға тиіс. Әйтсе де барша аймақтың мәселелері мен қажеттіліктері Үкіметтің жіті назарында болуы керек. Өңірлердің даму қарқыны бөсеңдеуіне және әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауына мүлдем жол беруге болмайды. Дәл осы себепті мен бүгін әлеуметтік салық проблемасына назар аудардым.

Тағы да байыппен қараңыздар. Қазір аймақ өкімдерін қаржылық стимулдан айыруға болмайды деп ойлаймын. Сайып келгенде, өңір дегеніміз – тұтас ел. Сондықтан мұның шешімін табыңыздар. Алдағы уақытта тағы да көзденсіп, бұл мәселелерді талқылаймыз.

Мемлекеттік бюджеттің жоспарлануы мен орындалуы көбіне инфляция үдерістерін бақылау шараларының тімділігіне байланысты. Ұлттық банк пен Үкіметке батыл әрі қалыптан тыс, бірақ сындарлы шешімдер қабылдауға тура келеді.

Әлемдегі экономикалық конъюнктура тез өзгеріп жатқан кезеңде таптарын жолмен жүруге болмайды. Ол заман келмеске кетті. Әлем өзгеріп жатқанын көріп отырсыздар. Жаңа мән, жаңа форматтар, ұғымдар мен тәсілдер пайда болуда. Бұл инфляциялық үдерістер мәселесіне де қатысты. Демек қабылданған шешімдер күрдәлі сын-қатерлерге сай болуға тиіс.

Жолдауда цифрлық активтер айналымына қолданылатын тәсілдерді өзгерту қажет екенін айтқан едім. Қазір мұндай активтерді Астана халықаралық қаржы орталығындағы криптобазасына ғана заңды түрде пайдалануға болады.

Алайда, сарапшылардың бағалауынша, Орталықты сауда алаңы ретінде қазақстандық криптоинвесторлардың небары 5 пайызы пайдаланады. Қалғаны астыртын жұмыс істейді. Цифрлық активтердің заңды түрде қолдану аясын кеңейтуге арналған инфрақұрылымды жедел құру керек. Қаржы саласының реттеушілері тиісті заңнама базасын қалыптастыруды қолға алғаны жөн.

**ЖЕТІНШІ.** Маңызды жобаларды қаржы көздерімен қамтамасыз ету керек.

Екінші деңгейдегі банктердің ресурстарын үкіметтік бағдарламаларға, атап айтқанда, ірі инфрақұрылымдық жобалардың құрылысы мен жаңғырту жұмысына тартуға болады және тарту керек деген мәселе көп айтылды.

Мемлекет бөлетін қаражатты кезең-кезеңімен несие мөлшерлесімен субсидиялауға қарай

бағыттау керек.

Бұл қаржыландыру көлемін бірнеше есе ұлғайтып, банктердің ақшасын экономикалық айналымға қосуға мүмкіндік береді.

2017 жылдан бастап 2020 жылға дейін бірқатар ірі банкке мемлекет тарапынан, соның ішінде Ұлттық қор есебінен 15 жыл мерзімге қаржылай қолдау көрсетілгенін білесіздер. Бұл көмек банк акционерлері де ортақ жауапкершілікке ие болады деген талаппен берілді. Кейбір банктер өз шығындарын әлдеқашан өтеген. Бірақ мемлекеттің иелігіндегі қаржыны қайтаруға асықпайды. Тіпті оны жоғары пайызбен төуекелі аз мемлекеттік қаржы құралдарына салып, кепілді табыс тауып отыр. Үкімет пен Ұлттық банкке шара қабылдауды тапсырамын.

Бір нәрсені атап өткім келеді: банктер Үкіметтің, соның ішінде халықтың жауы емес. Бірақ диалог негізінде өділ серіктестік орнауға тиіс. Көзінде сіздерге көмектестік, өнді сіздердің кезектеріңіз келді. Қомақты қаражат бергеніміз рас.

Бизнестіккөпелігөтөтін мүлкіңіз болмауы нақты секторды кредиттеу кедергі келтіреді. Сондықтан заңды кепілдендіру құралдарын көбейту қажет. Үкімет салалық даму институттарымен бірлесіп, кепілді қорын құру мәселесін пысықтауы керек. Банктердің, корпорациялардың, орталық және жергілікті билік органдарының жыл сайынғы жарнасы есебінен қаржыландырылатын мұндай қорлар бірқатар елде өз тімділігін көрсетті.

Сондай-ақ экономикалық қайтарымы жоғары стратегиялық жобаларды жүзеге асырған кезде Бірыңғай зейнетақы жинақтарына қорынан нарық шарттарына сай «үзақмерзімге берілетін» қаржыны анағұрлым белсенді тартуға болады.

**СЕПЗІНШІ.** Әлеуметтік қолдау ісін реттеп, денсаулық сақтау, білім беру және ғылым саласын одан әрі дамыту қажет.

Мен мемлекеттің әлеуметтік бағдарламаларын мейлінше өділ қаржыландыру туралы тапсырма бердім. Үкімет бұл жұмысты бастады. Былтыр денсаулық сақтау саласының өзінде 140 миллиардтан астам теңге орынсыз шығын анықталып, тиімді жұмсалды. Демек жауапкершілікпен қараған кезде қосымша қаражат көзін де табуға болады.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін реформалауды жалғастыру керек. Сонымен қатар бірқатар заңнамалық шара қабылдау қажет. Үкімет Парламентпен бірге міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру туралы заң жобасын жедел пысықтауы керек. Құжат осы сессияның соңына дейін қабылдануға тиіс.

«Ауылдағы денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту» ұлттық жобасы аясында екі жылдың ішінде халыққа алғашқы дәрігерлік көмек көрсететін 460 нысан пайдалануға берілді. Тағы 195 нысан жыл соңына дейін салынып бітеді. Аукымды жұмыс. Алайда көпбейнді орталық аудандық ауруханаларды жаңғырту жұмысы өте баяу жүріп жатыр.

Жоспар бойынша биыл 32 ауруханаға жөндеу жүргізілуі тиіс. Бірақ оның тең жартысының жобалық-сметалық құжаты өділ ғана өзгерініп, сараптана жасалып жатыр. Жұмыс созылып кетті. Бұл мекемелерді медициналық құралдармен жабдықтау мәселесі де шешімін тапқан жоқ. Аталған мәселені дереу шешіңіздер.

Үкімет пен өкімдер алғашқы көмек көрсету нысандарының барлығын жыл соңына дейін түгел іске қосуы керек. Ал көпбейнді орталық аудандық ауруханаларды жаңғырту жұмыстарының келесі жылдың соңына дейін аяқтауды тапсырамын.

Мектепке дейінгі және орта білім беру саласында өділ бөсеке болуы қажет. Бюджет қаржысын үнемдеп, қаражаттың ашық жұмсалып қамтамасыз етуі маңызды. Бұған жол ашатын тәсілдерді өділ жұмыстарын жалғастыру керек. Осы орайда мектепке дейінгі мекемелерді ваучерлік

тәсілмен қаржыландыратын пилоттық жобаны атап өткен жөн. Мемлекеттік тапсырыс белгілі бір білім беру мекемесіне байланыбайтын болды. Соның нәтижесінде, ата-аналар балабақшаны өздері таңдауға мүмкіндік алды. Аталған жоба қаншалықты тиімді, орынды екенін қарау керек. Егер талапқа сай болса, бұл тәжірибені орта білім беру саласына өділгеу болады. Тұрғылықты жеріне қарамастан, өділ білім алуына қолайлы жағдай жасау – мемлекеттің міндеті.

Биыл «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аяқталады. Барлық аймақта заман талабына сай тірек мектептер желісі құрылып жатыр. Менің тапсырмаммен үш жыл ішінде тағы 1300 мектеп жаңғыртудан өтеді.

Бұдан бөлек, Үкімет заманауи мектептер салуға қолайлы жағдай жасап, орта білім беру саласына жеке инвестиция тартуы қажет.

Биыл – Жұмысшы мамандықтар жылы. Осыған орай, маңызды іс-шаралар мен жобалар жүзеге асырылмақ. Еңбек адамының абырой-беделін арттыру үшін нақты жұмыс жүргізіледі. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін түбегейлі жаңғырту ісін бастау керек. Жауапты мекеменің бәрі және өң бастысы, жеке сектор бұл іске белсене араласуға тиіс.

Бизнес бұл салаға көбірек келуі үшін техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдарға арналған мемлекеттік тапсырыс көлемі артады. Оның мөлшері де біркелі болады. Бұған биыл бюджеттен қосымша 22 миллиард теңге бөлінеді. Бұл ретте өкімдерге зор жауапкершілік жүктеледі. Олар кәсіпкерлермен бірлесіп, аймаққа қажетті мамандықтар тізімін анықтауы керек. Сондай-ақ суранысқа ие кадрлар даярлау үшін колледждерге бағыт-бағдар беруі қажет.

Ғылым және жоғары білім саласындағы реформалардың қарқыны мен сапасын сақтау маңызды. Білім беру тапсырысы оқу орындарының рейтингіне қарай бөлу жұмысы Үкіметтің бақылауында болуға тиіс.

Соңғы жылдары мемлекет ғылымға бөлінетін қаражат көлемін едәуір арттырды. Әлі де арттыра береді. Бірақ бұл қаржы нақты мақсатқа сай жұмсалып қажет. Бюджет қаржысын сапалы әрі суранысқа ие зерттеулер жүргізетін университеттер, институттар мен ғылымдар ғана алуы керек.

\*\*\*

Алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін тұтас мемлекеттік аппарат тиімді жұмыс істеуі керек. Өкімдерді тікелей сайлаудың нәтижесінде мемлекеттік қызметшілердің жаңа санаты – сайланатын басшылар пайда болды. Бұл – екі жарым мыңнан астам басшы лауазымындағы қызметкер деген сөз. Олардың арасында бұрын мемлекеттік қызметте жұмыс істемеген азаматтар, соның ішінде жастар көп. Сол себепті сайланған өкімдер мен түрлі деңгейдегі басшыларды кешенді дайындаудың өділ мәселесі өте өзекті болып тұр. Үкіметке Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, «Өкімдер мектебі» оқыту жобасын іске қосуды тапсырамын. Бұл ретте осындай жұмысты жүргізіп жатқан «Amanat» партиясының тәжірибесін ескерген жөн.

Мемлекеттік аппараттың басты міндеті – азаматтарды толғандыратын өзекті мәселелерді шешу. Ол үшін, өң алдымен, азаматтармен ұдайы байланыста болу керек. Онысы болмайды. Сондықтан халықтан келіп түсетін өтініштерге айрықша назар аудару қажет. Былтырдың өзінде Президент Өкімішілігіне 50 мыңнан астам өтініш келіп түскен, ал өліміздегі барлық мемлекеттік органдарға шамамен 4 миллион өтініш жолданған. Бұл көрсеткіш жылдан жылға көбеюде.

Бір жағынан, бұл жұрттың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сенетінін көрсетеді. Алайда, сонымен бірге, бұл олардың өтініштері мен мәселелері мемлекеттік

органдардың күнделікті жұмысы барысында шешімін таппай жатқанын аңғартады. Сондықтан оқалықтар мен кешіліктілерді жою үшін тиянақты жұмыс жүргізу қажет.

Әдетте азаматтардың өтініштерінің артында адам тағдыры тұрады, сондықтан, бұл жерде барлық құзырлы органдар жұмыла жұмыс істеуге тиіс.

Ақпараттық жұмыс уақтылы әрі сапалы жүргізілген жағдайда көптеген мәселені, соның ішінде қоғамда дүрбелең тудыратын түйткілдерді ушықтырмай шешуге болатын өді. Сондықтан мұқият ойластырылған қоғамдық коммуникация стратегиясы қажет.

Үкіметтің және өкімдердің қызметі өз халқымызға да, сыртқы әлемге де ашық әрі түсінікті болуы керек. Бірінші басшылар азаматтарды жеке қабылдауға тиіс. Бұл – өте маңызды. Әсіресе, аймақ, қала, аудан басшылары халықпен тікелей байланыста жұмыс істеуі қажет. Дегенмен мемлекет пен қоғамның серіктестігі азаматтарға да зор жауапкершілік жүктелді.

Соңғы кезде заң үстемдігіне және қоғамдық тәртіптің сақталуына басымдық беру қажеттігі дамыған елдерде, тіпті, АҚШ-тың өзінде жиі айтыла бастады. Біз мұндай пайымға өділденген келгенбіз.

«Заң мен тәртіп» қағидасы халықтың санасына терең орнығуға тиіс. Ол үшін көз келген құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеушілік» қағидасын берік ұстану қажет. Бұл бағыттағы жұмыстар барлық деңгейде ұйымдастырылуы керек. Мұны, әсіресе, аймақ өкімдері мұқият қолға алғаны жөн. Бірақ шектеулер мен айыппұлдарға қатысты мемлекеттің де, қоғам белсенділерінің де ұстанымы көңілге қонымды болуға тиіс. Мәжбүрлеу шаралары болмаса, тәртіп орнату мүмкін емес екенін өділдік тәжірибе көрсетіп отыр. Сондықтан мемлекеттің іс-әрекеттеріне түсініктікпен қараған жөн. Бұл орайда диалог арқылы қоғамдық келісімге келу керек. Қалай десек те, мемлекет заң тәртібін қамтамасыз ету үшін қабылдайтын шаралар өз елін құтқанауға себеп болмауға тиіс. Кейбір азаматтар өлімізді мазақ болып еуестеніп барады. Мысалы, өзге елдердің өкілдері жоқ жерден «керемет жетістіктерді, табыстарды» тауып алып, оны шетелге жан-жақты насихаттап жатады. Ал біздің азаматтар, олардың ішінде шоу-бизнес өкілдері, өзін өзі «қоғам белсендісі» санайтын жастар, тіпті, депутаттар да бар. Қазақстанға неше түрлі лақап ат қоятын болды. Бұл өнді мүлдем түсініксіз, ақылға сыймайтын нәрсе.

Мен бүгін Үкімет жұмысының басты бағыттарын айқындап бердім. Бұл – ірі инфрақұрылым жобалары, цифрландыру және жасанды интеллект, ядролық энергетиканы дамыту, агрөнөкеркесін кешенін нығайту және инвестиция тарту мәселелері.

Экономикамыз дамып жатыр. Бірақ оның қарқыны ойдағыдай емес. Алдымызда ауқымды міндеттер тұр. Оны алдағы бес жылда орындауымыз керек.

Бізге, өң алдымен, білікті және өділ мүддесін ойлайтын отанышыл кадрлар керек. Дәл осындай мамандарды тауып, оларды басшылық лауазымдарға тағайындаймыз.

**Күрметті кенеске қатысушылар!**

Бүгін біз өліміздегі 2024 жылғы даму нәтижесін қарадық. Қордаланған мәселелерді талқылап, алдағы міндеттерді айқындадық. Басты мақсат – азаматтардың өділ-ауқатын арттыру. Алдағы жоспардың бәрін сапалы орындау қажет. Сөз соңында тағы да атап өткім келеді: бізге нақты нәтиже керек. Нәтиже болса ғана даму болады.

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,**  
**Қазақстан Республикасының Президенті.**  
2025 жылғы 28 қаңтар.  
Ақорда.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ



## ҮЛТ САУЛЫҒЫ – МЕМЛЕКЕТ БОЛАШАҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Алғашқы болып аудандық аурухананың директоры Гүлбану Сағындықова баяндама жасап, өткен жылы атқарылған істерге тоқталды. Оның айтуынша, аудан аумағында ауысымына 250 адам қабылдайтын емхана, 90 төсектік аудандық аурухана, 4 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік пункт және 44 медициналық пункт жұмыс істейді.

- Аудандық аурухананың қызметкерлер саны - 515 адамды құрайды. Оның ішінде медициналық персонал - 363 (39 дәрігер, 1 провизор, 203 орта медицина қызметкерлері, 120 орта және кіші буын қызметкерлері), әкімшілік-басқару персоналы - 19 адам, басқалары - 133 адам.

Дәрігерлік кадрлардың тапшылығы – 5 адам, оның ішінде дерматовенеролог, кардиолог, онколог, педиатр, жалпы практика дәрігері. Аурухананың бюджеттен тыс қаражаты есебінен СҚМУ жанындағы интернатурада Тұнғаста және Артықбай есімді екі түлекті 2 курста оқытып жатырмыз. Сондай-ақ, интернатураны аяқтағаннан кейін Петропавл қаласынан (СҚМУ) тағы да бір отбасылық жұп жұмысқа орналасуға өтініш білдірді.

2024 жылдың басынан бастап ауданға 3 дәрігер келді, мамандар тұрғын үймен қамтамасыз етілді, хирург дәрігер облыс әкімдігінің есебінен 5 млн теңге көлемінде көтермеақ алды, келген дәрігерлер аудан әкімдігі аббаттандырылған тұрғын үймен қамтамасыз етті.

2025 жылғы 1 қаңтарға аудан бойынша 5642 адам сақтандырылмаған (1 тамызда 5356 адам болған), оның 4951-і аудандық ауруханаға тіркелген.

Санаттар бойынша бөлініп сақтандырылмаған тізімдер елді мекендер бойынша пысықталды. Аудандық штаб құрылып, WhatsApp тобы

28 қаңтар күні аудандық емхананың ақт залында денсаулық сақтау саласына қатысты кеңейтілген отырыс өтіп, оған аудан әкімі Рахат Смағұлов қатысты. Сондай-ақ отырыс жұмысына аудандық полиция бөлімінің бастығы, Булаев қаласының әкімі, бөлім басшылары және уезімізде ауылдық округтердің әкімдері қатысты. Күн тәртібінде аудандық аурухананың 2024 жылғы атқарылған қызметі мен 2025 жылға арналған жоспары және иммунопрофилактика мәселелері талқыланды.

Біз тізімдерді аталғандарға жібереміз. Аудан бойынша жыл басында сақтандырылмағандар саны 286 адамға артты.

2024 жылдың 12 айында 232 нәресте дүниеге келді, оның ішінде аудандық ауруханада - 80 ана босанды, қалғандары облыстық периналдық орталыққа бағытталды. Өткен жылы екі сәби өлімі тіркелді.

12 айда аудандық аурухананың балалар бөлімшесіне 24 санитарлық авиация шақырылды: 14 - пневмония, 1 - қант диабеті, 5 - обструктивті бронхит, 2 - ЭВИ, 2 - ОРВИ және жаңа туған нәрестелердегі ауыр жағдайларға байланысты перзентханаға 2 санитарлық авиация шақырылды. Аудан бойынша балалар арасында 116 мүгедек бала бар, оның 25-і психикалық кемістігі бар (24 %). 12 айда алғаш рет 9 балаға мүгедектік белгіленді.

2024 жылдың 12 айында терапия бөлімінде 1063 науқас емделді.

Бюджет қаражаты есебінен 2024 жылы 75 111,3 мың теңге сомасына мынадай медициналық жабдықтар мен негізгі құралдар сатып алынды: Электрокардиографтар (6 дана) - 23 220 000 теңге; Жаңа туған нәрестелерге арналған инкубатор (1 бірлік) - 12 995 000 теңге, Бу стерилизаторы (1 бірлік) - 12 920 000 теңге; Икемді эндоскоптарға арналған жуу-дезинфекциялау автоматты ретропроцессоры (1 бірлік) - 13 000 000 теңге; Соққы толқыны терапиясына арналған аппарат (1 бірлік) - 6 600 000 теңге; Вена детекторы (2 бірлік) - 5 600 000 теңге.

Безінмен жұмыс істейтін электр станциясы (3 бірлік) 796 320 теңге.

Сондай-ақ бюджеттен тыс қаражат есебінен 2024 жылы 5 389 779,6 теңге сомасына медициналық жабдықтар мен негізгі құралдар сатып алынды.

2023 жылы Возышенка және Қарақоға ауылдарында бір ауысымда 25 адамды қабылдайтын дәрігерлік амбулаториялар салынды. 2024 жылы Советское, Чистовское ауылдарында фельдшерлік-акушерлік пункттердің, Бәйтерек, Таманское және Надежда ауылдарында медициналық пункттердің құрылысы аяқталды, - деді Гүлбану Төлегенқызы.

Содан кейін иммунопрофилактика мәселесі бойынша санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ігілік Шонтаев сөз алып, еке егу жұмыстары жоспарға сай жүргізіліп жатқанын айтты.

Кеңестің барысында денсаулық саласында атқарылған жұмыстар тыңдалғаннан кейін өзекті мәселелер тізбектеліп талқыланды. Соның нәтижесінде аудан әкімі Рахат Смағұлов келесідей тапсырмалар жүктеді:

- Медициналық оқу орындарымен жұмысты күшейту, түлектердің жұмысқа орналасуына кәсіптік бағдар беру және талдау жүргізу;
- Емханада жазу және қабылдау жүйесін қайта қарау, кезектерді азайтуды қамтамасыз ету;
- Жедел жәрдем үшін жаңа техника сатып

алу жоспарларын пысықтау.

- Халықтың шағымдарына ден қою бойынша жұмысты күшейту және медициналық қызметтердің сапасын бақылау. Бу қаланың солтүстік бөлігін қоса алғанда, Булаев қаласында орталық үйлерде деріханалар мен таулік бойы деріхана ашу туралы мәселені шешу.

- Осы жұмыстарды басым міндеттер тізбесіне енгізіп отырып, стационарға және емханаға кіреберістер мен тұрақтарды ретке келтіру жөнінде шаралар қабылдау.

Алқа соңында Рахат Назымбекұлы мемлекет денсаулық сақтау саласын дамыту мен одан әрі жетілдіру үшін нақты қадамдар жасап жатқанын тілге тиек етті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы 2 қыркүйектегі жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында денсаулық сақтау мен әлеуметтік қолдауды дамытудың негізгі бағыттарына назар аударды. Денсаулық сақтау саласына үш триллионнан астам теңге бөлу ұлт денсаулығын нығайтуға және елдің медициналық жүйесін жетілдіруге бағытталған жаңа бастамаларды іске асыруға мүмкіндік туғызды.

Мәселен, соңғы жылдары біздің ауданда жаңадан бірқатар медицина ұйымдары салынды, жаңа құрал-жабдықтар сатып алынды. Жас мамандарға көтермеақы төленіп, келген барлық дәрігерлер тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Бұл бағыттағы жұмыстар одан әрі жалғасатын болады, - деді аудан әкімі.

Отырыс соңында Рахат Смағұлов саналы өмірін тұрғындардың денсаулығына қамқорлық жасауға арнаған ауданның үздік денсаулық сақтау қызметкерлерін Құрмет грамотасымен марапаттап, шынайы алғысын білдірді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

## АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

27 қаңтар күні жұмыс тобының басшысы Төлеген Әбілмәжіновтың төрағалығымен аудандық қоғамдық кеңестің алғашқы отырысы өтіп, оның күн тәртібіне қоғамдық кеңестің ережесін бекіту, төрағасын және Төралқа құрамын сайлау сұрақтары шығарылды.

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудандық мәслихат төрағасының 2025 жылғы 20 қаңтардағы өкімімен аудандық қоғамдық кеңестің құрамы бекітілді.

Олар: аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары - Шәріпов Азамат Сайранұлы, зейнеткер, ауданның Құрметті азаматы - Заев Сергей Сергеевич, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Кәсіптік дайындық және қызмет көрсету колледжі» КММ директоры, аудандық мәслихат депутаты Бәкіров Ермек Жәңгірұлы, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив істері басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві» КММ аудандық филиалының директоры Кукла Нұржиган Сабырқызы, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив істері басқармасының Солтүстік Қазақстан облыстық музей бірлестігі» КМҚК Мағжан Жұмабаев ауданы филиалы тарихи-өлкетану мұражайының директоры Жұмағұлов Серік Тұрарұлы, зейнеткер Ысқақов Серік Құрбанұлы, «Мағжан Жұмабаев ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ басшысының орынбасары Умовист Елена Анатольевна, Булаев қаласы әкімінің орынбасары Исабаев Дамир Қуандықұлы, «Мағжан жұлдызы» аудандық газетінің шеф-редакторы Елубаев Еркебұлан Әлімжанұлы,



Солтүстік Қазақстан облысы Кәсіпкерлер палатасының Мағжан Жұмабаев ауданы филиалының директоры Шәрімов Нұржанат Сабырұлы, «Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Солтүстік Қазақстан облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің «Мағжан Жұмабаев аудандық комитеті» филиалының төрайымы Пашенко Надежда Анатольевна, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат,

мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Мағжан Жұмабаев ауданының жастар ресурстық орталығы» КММ директорының м.а. Галайдина Мария Михайловна, «СҚО Денсаулық сақтау басқармасының СҚО Мағжан Жұмабаев ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК қабылдау бөлмесінің медбикесі Тұрсынбаева Әлия Мұратбекқызы.

Содан кейін күн тәртібіне сәйкес Қоғамдық кеңестің төрағасын сайлау

мәселесі қаралып, бірауыздан кеңес төрағасы болып Мағжан Жұмабаев ауданы мұрағатының директоры Нұржиган Сабырқызы Кукла сайланды. Ашық дауыс беру арқылы Төралқа құрамына қоғамдық кеңестің төрағасы Нұржиган Кукла, аудандық мәслихаттың төрағасы Айзада Рахметова, қоғамдық кеңестің мүшесі Ермек Бәкіров кірді. Сондай-ақ, ауданның қоғамдық кеңесі туралы ереже бекітілді.

«СОЛТҮСТІК - 2025»

# АУДАН ҚҰРАМАСЫ - ДОПТЫ ХОККЕЙДЕН ОБЛЫС ЧЕМПИОНЫ

2025 жылдың 23-26 қаңтары аралығында Ақжар ауданы Талшық ауылында «Солтүстік - 2025» облыстық қысқы спорт мерекесінің бағдарламасына енген допты хоккей (Ринг-Бенди) жарысы өтті.

Жеребе тарту нәтижесінде Мағжан Жұмабаев ауданы Фабит Мүсірепов, Мамлют және Жамбыл ауданының командаларымен бірге «В» тобында өнер көрсетті.

Бірінші кездесуде біздің команда Мамлют ауданын, екінші ойында Жамбыл ауданының командасын жеңіп, топтан шығу үшін Фабит Мүсірепов ауданының құрамасымен кездесті. Тартысты ойын нәтижесінде біздің команда 4:3 есебімен жеңіске жетіп, жартылай финалға жолдама алды.

Жартылай финалда мағжандық спортшылар алаң иелері - Ақжар ауданының хоккейшілерімен ойын өткізіп, олардан басым түсті.

Финалдық ойында Мағжан Жұмабаев ауданы мен Қызылжар ауданы кездесіп, қызықты әрі тартысты ойын жанкүйерлерге жағымды әсер сыйлады.

Нәтижесінде біздің команда өзінің бар шеберлігін паш етіп, жаттықтырушылар құрамының қолдауын сезініп, қарсыластарын 7:1 есебімен сенімді жеңді.

Осылайша, Мағжан Жұмабаев ауданының құрама командасы - допты хоккейден облыс чемпионы атанды. Мен біздің команданы көрермет жеңісімен шын жүректен құттықтаймын. Өйткені «Солтүстік» қысқы спорт мерекесінің тарихында допты хоккейден біз құрама мұндай нәтижеге қол жеткізбеген екен.

Аудан құрама командасының құрамын атап өтсек, бас бапкер: Калининченко В.А., ойыншылар: Калининченко Михаил, Бақтыбаев Дамир, Егоров Олег, Казаченко Глеб, Азаренко Максим, Сүлейменов Абылқайыр, Бектурғанов Қайрат, Бем Владимир, Поляков Максим, Руденко Кирилл, Мурашев Семен және Ищенко Даниил.

Қанат МҮСАТАЕВ,

дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.



## 2025 ЖЫЛ - ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

Мемлекет басшысы 2025 жылды - Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялады. Осыған орай, аудандық Мәдениет үйінде алашқы рет «Vilaveo Quiz» ойыны ұйымдастырылып, өған білім бөлімі, полиция бөлімі, аудандық аурухана, төтенше жәедайлар бөлімі мен шекара қызметінің командалары қатысты.

«Quiz» зияткерлік сайысы – республика деңгейінде жастар арасында кең танымал ойынның бірі. Одан қалды, қазір «білекті – бірді, білімді – мыңды жығар» деген мақалдың әділдік құрған заманы екенін ескерсек, бұл ойынға деген қызығушылық арта түсуде.

Жалпы, «Quiz» сөзі ағылшын тілінен аударғанда викторина, сауал-дама деген мағынаны білдіреді. Мұнда қатысушылар топ болып бірігіп, сұрақтарға тапқырлықпен тез әрі шапшаң 30-60 секундта жауап беруден бөлек, логикамен де сыналады. Сонымен, бұл күнгі интеллектуалдық ойынға ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Гүлжан Женсағурова, аудандық Мәдениет үйінің маманы Эльмира Төлеуова, колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Батыр Әбілмәжінов қазылық етті.

Бірнеше турларға бөлінген ойын кәсіптер, мамандықтар, кино-ребустар және тағы да басқа көптеген құпия сөздер жасырылып, әр тур көркемөнерпаздардың патриоттық өндерді орындауымен сүйемелденді. Қатысушылар ой-өрісін, білімін жетілдіру, бос уақытын тиімді өткізуге арналған ойында белсенділік танытып, сайысты қыздыра түсті.

Қызықты әрі тартысты өткен сайыстың қорытындысы бойынша білім бөлімінің командасы жеңімпаз атанды, ал төтенше жағдайлар бөлімі мен полиция бөлімінің командалары 2-ші және 3-ші орындарға жайғасты. Жеңімпаз және жүлдегер командалар кубокпен, дипломмен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Жүлдеге иіпкеген басқа ұжымдарға да қатысқаны үшін диплом табыс етілді.

Іс-шара соңында «Vilaveo Quiz» ойынының қатысушылары алған әсерлерімен бөлісіп, ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді. Назарға АЙБЕКҚЫЗЫ, аудандық Мәдениет үйінің іс жүргізушісі.

## ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРҒА АРНАЛҒАН «QUIZ» ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫНЫ



### АУДАНДЫҚ БАЙҚАУ

## «ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ӨШПЕЙТІН ЕРЛІК»

#### Байқау номинациялары:

1) «Отбасы тарихы - ел тарихы» - бұл тақырып біздің достыққа айналған. Мұнда Ұлы Отан соғысы кезінде майданда шайқасқан батыр ата-амаларымыздың ерлігі және тылдағы ерлік еңбегінен Негізгі жаңылдапқан ерек ағалары туралы жазу керек.

2) «Еске алу уақыты» - мектеп және басқа да өлкетану мұражайларындағы тиісті экспозицияларға, ҰОС пен оның батырларына арналған қызықты іс-шараларға, халықтың өшпес және төлдемсіз ерлігі еске алуға арналған барлық іс-шаралар қаралайтын болады. Оси ата-амалына қойылатын ерекше талап: сипатталмай оқиға нақызды болуы керек. Сынып сағатын немесе ашық сабақ конкурстық жұмысқа қатынады.

3) «Ер елімі - ел елімі» - Ұлы Отан соғысында шайқасқан жауынгер жерестерімізге арналады.

4) «Батырлар дүркі өтпейді» - аталған тақырыпта өлеңдер, өтерліктер және басқа да көркем жаңырлардан шығармалар қабылданады. Ескертпе: байқауға ұсынылатын материалдың тақырыбын ашыға қыла

етейік қызықты фотосуреттер қоса беріссе, автордың жұмысы көтермеленеді. Құрметті авторлар, жұмыстар келесі жас сакайттары бойынша қаралайтын болады:

- 14-17 жас;
- 18-30 жас;
- 30-50+ жас.

Байқауға арналған материалдарды қазақ тілінде magzhan.zhuldizi@yandex.kz электрондық мекен жайына, ал орыс тілінде gazeta\_vesti@mail.ru электрондық мекен жайына «Байқау» белгісімен жолдай аласыздар.

Автордың тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты жері және байланыс телефондары міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

Байқауға арналған жұмыстар 2025 жылдың аяқна айына қайтыпқан айына дейін қабылданады. Олардың сіндегі үздік материалдар аудандық «Мағжан Жұлдызы» және «Весты» газеттерінде жарияланады.

Жеңімпаздарды марапаттау билік және желтоқсан айының соңында «Аманат» партиясының аудандық филиалының кеңесінде өтеді.

Ұйымдастыру комитеті.

Мағжан Жұмабаев ауданының ардагерлер кеңесі және «Аманат» партиясының аудандық филиалы, «Халықаралық Қазақ тілі» қозғалысы қозғалымы бірлестігінің Мағжан Жұмабаев аудандық филиалы мен «Толдасқан» әдебиетшілершілшілік клубы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Ғасырлар бойы өшпейтін ерлік» әдебиетшілершілшілік байқауын жариялайды.



ТЖБ ХАБАРЛАЙДЫ!

## ҮРМЕҚАР МЕН БОРАН КЕЗІНДЕГІ ӘРЕКЕТ ЕТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі үрме қар мен боран кезіндегі әрекет ету ережелерін еске салады. Анықтама үшін: үрмеқар - бұл жел үрлеп, жиынтықтанған тығыз қар, ал боран - бұл желдің жылдамдығы секундына 15 метр жоғары болған кезде ұзақтығы 12 сағаттан асатын қалың қармен байланысты апат болып табылады.

### ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАЛУ КЕРЕК

Егер Сіз қатты боран туралы ескерту алсаңыз, терезелерді, есіктерді, шатыр люктерін және желдеткіштерді мықтап жабыңыз. Терезелердің айнектерін қағазбен, жапқыштармен немесе қалқандармен жабыңыз. Су мен азық-түлік, дәрі-дәрмек қорларын, автономды жарықтандыру құралдарын (шамдар, керосин шамдары, шамдар, кемпинг плиткалары, аккумулятормен жұмыс істейтін радио) дайындаңыз. Балкондар мен терезе төсеніштерінен ауа ағынына түсуі мүмкін заттарды алыңыз. Радиоқабылдағыштар мен теледидарларды қосыңыз, олар жаңа маңызды ақпарат тарата алады. Мүмкін электр қуатын өшіруге дайындалыңыз. Жеріл гимараттардан берік гимараттарға өтіңіз. Қар тазалау құралын дайындаңыз.

### ҚАЛАЙ ӘРЕКЕТ ЕТУ КЕРЕК

Тек ерекше жағдайларда гимараттардан шығыңыз. Жалғыз шығуға тыйым салынады. Отбасы мүшелеріне немесе көршілерге қайда барғаныңызды және қашан оралғаныңызды айтыңыз. Егер Сіз елді мекеннен тыс жерде жауу жүру арқылы бағдарыңызды жоғалтсаңыз, бірінші үйі кіріп, орналасқан жеріңізді нақтылаңыз және мүмкіндігінше боранның аяқталуын күтіңіз. Егер Сіздің күш-қуатыңыз таусылса, онда баспана

ізденіңіз және сонда болыңыз. Бейтаныс адамдармен байланыста болған кезде абай болыңыз, өйткені табиғи апаттар кезінде көліктерден, пәтерлерден және қызметтік бөлмелерден ұрлық саны күрт артады.

Егер қарлы боран жағдайында Сіз бөлмеде құлыпталуы болсаңыз, абайлап, дүрбелеңсіз өз бетіңізше шығуға мүмкіндік бар-жоғын анықтаңыз (қолда бар құрал мен импровизацияланған құралдарды қолдана отырып). Егер қар үйіңіздің өз бетіңізше тазалау мүмкін болмаса, құтқару қызметіне «101» нөмірі бойынша немесе «112» уялы телефоннан қонырау шалыңыз.

### АВТОКӨЛІК ИЕЛЕРІ ҮШІН

Автокөлікпен тек басты жолдармен және тас жолдармен жүруге қажет, негізі ерекше қажеттіліксіз елді мекеннен тыс жерлерге шықпаған абзал. Жол жүру кезінде көлікпен шұғыл маневрлер жасамау керек, қауіпсіз жылдамдық пен аралықты сақтап, қарсы жолаққа шығумен озып кетпеу қажет.

Егер үрмеқар мен қарлы боран кезінде Сіз жолда қалсаңыз, қар үйінділерін еңсеруге тырыспауыңыз керек, тоқтап, көліктің жалюзиін толығымен жауып, қозғалтқышты радиатор жағынан жауып тастауыңыз керек. Мүмкін болса, көлікті

қозғалтқышпен жел жаққа орнату керек. Мезгіл-мезгіл көліктен шығып, оның астына көмілмеу үшін қарды тырмалап жан-жаққа лақтыру керек. Бұл қармен жабылмаған көлікті іздеу тобы үшін жақсы нұсқаулық болып табылады. Автокөліктің қозғалтқышын мезгіл-мезгіл жылытып отыру керек, бұл пайдаланылған газдардың кабинаға (корпусқа, салонға) кіруіне жол бермеді, осы мақсатта пайдаланылған құбырдың қарға толып кетпеуін қамтамасыз ету керек.

Егер жолда жүргізушімен бірге бірнеше адам болса (бірнеше көлікте), барлығын біріктіріп, бір көлікті баспана ретінде пайдаланған жөн. Ешқандай жағдайда баспана болған көліктен кетуге болмайды: қалың қарда (боранда) бірнеше ондаған сенімді болып көрінетін белгілер жоғалып кетуі мүмкін.

Кейтпейтін жағдайда апат деңгейі артады. Жолдардағы кейтпейтін қиындыққа соқтырады, ал қатты бедерлі жерлерде автомобиль көлігінің жұмысын толығымен тоқтатады. Жауу жүргіншілердің қозғалысы қиындайды. Сондықтан үрмеқар мен қарлы боран кезінде үйде болып, көліктен ешқандай шықпаған абзал.



## ДАУЫЛ КЕЗІНДЕ ҮЙДЕН ШЫҚПАҢЫЗ!

Дауылдың алдын алу және автомобиль жолдарын жабу кезінде үйде болу маңызды. Сондықтан қауіпсіздікті сақтауға көмектесетін бірнеше кеңестер ұсынамыз:

1. Үйде болыңыз: егер жолдар жабық болса, бұл сырттағы жағдайлар қауіпті дегенді білдіреді. Сол себепті, үйде болған дұрыс.
2. Қажетті заттарды жинаңыз: үйде ұзақ уақыт тұруға тура келсе, жеткілікті тамақ, су және дәрі-дәрмек бар екеніне көз жеткізіңіз.
3. Жаңалықтарды қадағалаңыз: ауа райы мен жолдардың жай-күйі туралы жарияланған ақпарат алу үшін радио, теледидар немесе интернетті пайдаланыңыз.
4. Үйді дайындаңыз: терезелер мен есіктердің мықтап жабылғанына, шатырдың және басқа құрылымдардың қатты желден қорғалғанына көз жеткізіңіз.
5. Әрекет жоспарын жасаңыз: төтенше жағдайда не істеу керектігін отбасыңызбен талқылаңыз және әркім қалай әрекет ету керектігін білетініне көз жеткізіңіз.
6. Қажетсіз сапарлардан аулақ болыңыз: егер шұғыл қажеттілік болмаса, ауа-райы жақсарғанға дейін үйде болу дұрыс.

Бұл шаралар Сізге және отбасыңызға дауыл туралы ескерту кезінде қауіпсіз болуға көмектеседі.

**Мәлімет үшін:**  
Бүгінгі таңда дауылды ескертуді елемейтін және автожолдардың жабық учаскелеріне баратын автокөлік иелері ЭҚБТК-нің 667 бабы - «Полиция қызметкерлерінің заңды талаптарына бағынбау» бойынша өкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

## ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасы әлемдік қоғамдастық мойындаған, дінаралық және конфессияаралық диалог пен келісімді табысты ілгерілетудің бірегей тәжірибесі бар егемен мемлекет ретінде қалыптасты. Көптеген ғасырлар бойы әртүрлі этностар мен конфессиялардың өкілдері бейбіт қатар өмір сүрген және бір-бірін мәдени жағынан өзара байытқан республика аумағында алғаш рет Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлі рухани құндылықтарын дамыту үшін қажетті саяси-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасалған.


Ел Конституциясына сәйкес мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың зайырлы моделі барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігі және тіліне және дінге көзқарасына қарамастан әркімнің жеке сенімдеріне құрметпен қарау қағидаттарында қалыптасты. Жалпыға бірдей қабылданған әлемдік нормаларға сәйкес мемлекет азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету және қоғамдық қауіпсіздікті қорғау мақсатында діни ұйымдардың қызметін реттеуге құқылы.

Мәселен, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы халықаралық құқық пен ел Конституциясында көзделген әркімнің ар-ождан бостандығына құқығын іске асыруға бағытталған, мемлекет саясатын іске асырудың және діни саласындағы ұлттық мүдделерді қорғаудың құқықтық негізі болып табылады. Қолданыстағы заңнама шеңберінде діни бірлестіктердің қызметі ретке келтірілді, миссионерлік қызметті жүзеге асыру, діни іс-шараларды, дінтану сараптамасын жүргізу, ғибадат гимараттарын салу, діни әдебиеттерді тарату тәртібі айқындалды.

Мемлекет дін саласындағы тұрақтылықты сақтау, қоғамдағы конфессияаралық келісім мен толеранттылықты нығайту, халықтың діни экстремизм мен радикализм идеологиясына кез келген нысанда және көріністе иммунитетін қалыптастыру жөнінде нақты шаралар қабылдауда. 18 конфессияның ресми тіркелген діни бірлестіктері мен олардың филиалдарының қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасалған. Дәстүр бойынша олардың ішіндегі ең көбі - исламның ханафи мазхабы және православиелік христиандар. Сондай-ақ католиктік және протестанттық конфессиялар, еврей, буддист және басқа қауымдастықтар бар. Республикада Құрбан айт пен православие Рождествосының діни мерекелері демалыс күндер болып табылады.

Ел халқының жақсылық пен бейбітшілік мұраттарына адалдығы, конфессиялар мен мәдениеттердің оң диалогы, діндер саласындағы ойластырылған мемлекеттік

## «ЗАЙЫРЛЫ ҚАҒИДАТТАР»



саясат, сондай-ақ Қазақстан қоғамының тұрақтылығын нығайту үшін түрлі діндер өкілдерінің бірігу дәстүрі тарихқа терең еніп отырған елдегі діни аухалдың жай-күйіне оң әсер етеді. Қазақстан әлемге дінің ел ішіндегі тұрақтылық пен келісімді сақтауда, жалпыұлттық бірлікті әмбебап жалпыадамзаттық құндылықтарда нығайтуда аса маңызды рөл атқаратынын, ал әртүрлі діндер мен конфессиялар толық өзара түсіністік пен өзара сыйластық негізінде қатар өмір сүріп, үйлесімді дами алатынын айқын көрсетеді.

Қазақстан тәуелсіз көпэтносты және көпконфессиялы мемлекет ретінде мемлекеттік билік органдары мен діни бірлестіктер арасындағы өзара іс-қимылдың өзіндік моделі мен тәртібін қалыптастырды. Қазақстан Республикасы адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы әмбебап көлжақты халықаралық шарттарға қатысушы мемлекет болып табылады. Барлық қазақстандықтардың діни және этномәдени қатыстылығына қарамастан, жалпыұлттық бірлігі мен келісімінің жасалған бірегей моделі - бұл Қазақстанның түрлі конфессиялардың өзара іс-қимылының жалпы әлемдік процесіне қосқан елеулі үлесі.

Діни нанымдар - бұл жалпыадамзаттық құндылықтарды да, рухани үйлесімділік, әлеуметтік қатынастар және азаматтардың санасы үшін ықтимал тәуекелдерді де реттейтін ерекше сала. Сондықтан дін саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеуге ұсынылатын мемлекеттік саясаттың тесілдері мен қағидаттары елдің ерекшелігі мен халықтың мәдени-психикалық ерекшеліктерін ескеретін ерекшелік болып табылады.

Мемлекеттің негізгі күш жігері келесі

міндеттерге бағытталуы керек:

- 1) мемлекет дамуының зайырлы қағидаттарын нығайту, азаматтардың ар-ождан бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету;
- 2) діни саланы реттейтін заңнаманы жетілдіру;
- 3) мемлекеттің зайырлы қағидаттарын нығайтуға және діни экстремизмге қарсы іс-қимылға бағытталған Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттары жұмысының бірыңғай жүйесін жетілдіру;
- 4) азаматтардың ар-ождан бостандығына және діни нанымдарды құрметтеуге заңнамамен кепілдендірілген құқықтарын қамтамасыз ету;
- 5) діни бірлестіктердің толыққанды жұмыс істеуі үшін жағдайларды қамтамасыз ету және ұлттық қауіпсіздікке, зайырлы мемлекеттің конституциялық негіздеріне нұқсан келтіретін және халықтың жекелеген топтарын радикалдандыруға ықпал ететін деструктивті діни ағымдардың қызметіне жол бермеу.

Азаматтар өз елінің патриоты болуға және мемлекеттің мүдделерін сақтауға тиіс, өйткені ол елдің негізгі заңы - Конституцияға сәйкес азаматтардың өміріне, еңбегіне, денсаулығын қорғауға, қауіпсіздігіне, білім алуына қажетті жағдайлар жасайды.

Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың мүдделері мемлекеттің зайырлы негіздерін, халықтың ұлттық-мәдени және тарихи дәстүрлерін нығайту, діндердің ықпал ету саласын мораль мен жоғары этика қағидаттарымен шектеу болып табылады.

Зайырлы қағидаттар заманауи

Қазақстанның дамуы мен жұмыс істеуінің негізі болып табылады.

Мемлекеттің конституциялық құрылымы заң шығаруда, мемлекеттік билік органдарының қалыптасуы мен жұмыс істеуінде, лауазымды адамдардың әдеп қағидаттарына діни мүддені жоққа шығарады.

Мемлекет пен діндер арасында бірде-бір дінді мемлекеттік немесе міндетті деп таңуға болмайтын ерекше қатынастар орнатылады, ал мемлекеттік саясат қандай да бір дін ұстанымдарына емес, азаматтардың, қоғамның және тұтастай мемлекеттің өмірі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің нақты мүдделеріне сүйене отырып құрылады. Қазақстанда демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде мемлекеттік шешімдер қандай да бір діннің немесе оның жекелеген ізбасарларының мүдделеріне сүйене отырып емес, бүкіл қоғамның мүдделері негізінде ғана қабылданады. Қазақстан әрбір азаматтың құндылығын мойындайды және ар-ождан бостандығын қамтамасыз етеді. Ел азаматтары дінге деген көзқарасын дербес және мейлінше айқындауға не өздерін қандай да бір дінмен мүлде байланыстырмауға және діни институттарға жүгінбей өмір сүруге құқылы.

Мемлекет мемлекеттік органдар мен мемлекеттік қызметшілер тұлғасында азаматтарды қандай да бір түрде қандай да бір дінді ұстануға немесе ұстанбауға мейлінше алмайды, бірақ дінді ұстанатын және оны ұстанбайтын азаматтар арасында, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктер арасында өзара келісім мен құрмет қатынастарын орнатуға ықпал етеді.

Ұлттық, оның ішінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүддесінде мемлекет қоғамдық қатынастарды реттейді және басқарады.

Осы мақсатта мемлекет діни бірлестіктерге ұсыныстар беруге және адамның ішкі тыныштығы мен діни сенімдеріне қол сұғылмай, заңда көзделген шектеулерді енгізуге құқылы. Қазақстанның болашағы - зайырлы мемлекет, онда рухани және діни құндылықтар мемлекеттің барлық салаларының дамуына және тұтастай алғанда елдің өркендеуіне кедергі келтірмейді. Бұл зайырлылық - асыруға, білім алуға және өзін-өзі жүзеге асыруға, адам құқықтарын сақтауға және елдің демократиялық болашағына ұмтылуды көздейді.

**Айгүл АБСАЛЫҚОВА,**  
ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің діни және қоғамдық бірлестіктермен жұмыс жөніндегі бас маманы.



Дүйсенбі, 3 ақпан	Сейсенбі, 4 ақпан	Сәрсенбі, 5 ақпан	Бейсенбі, 6 ақпан	Жұма, 7 ақпан	Сенбі, 8 ақпан	Жексенбі, 9 ақпан
<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>
06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӘДІГЕР». 06.30 «НҒЖУ-МАРЖАН». 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.10, 02.35 ТАТУ -ТӘТТІ. 14.10 АПТА. 15.00 Т/Х. 17.10 «ҚЫЗЫК ЕКЕН...». 20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА. 04.05 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.10, 03.00 «ТАТУ-ТӘТТІ». 14.10 АҚОРДА. 14.25, 02.40 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 14.45 ДАЛА ДӘМІ. 15.00, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х. 17.10 «ҚЫЗЫК ЕКЕН...». 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.10 1001 ТҮН. 01.40 САНА. 04.30 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.20 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.10, 02.45 «ТАТУ-ТӘТТІ». 14.10 ҚОС ПАЛАТА. 14.30 Д/Ф. 15.00, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х. 17.10 «ҚЫЗЫК ЕКЕН...». 20.30, 00.55 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ЛӨЙЛӨ». 23.15 1001 ТҮН. 01.45 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.20 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.10, 02.45 «ТАТУ-ТӘТТІ». 14.10 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 14.40 «АРНАЙЫ ЖОБА». 15.00, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х. 17.10 «ҚЫЗЫК ЕКЕН...». 20.30, 00.55 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ЛӨЙЛӨ». 23.10 1001 ТҮН. 01.45 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.10 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.10, 02.05 «ТАТУ-ТӘТТІ». 14.10, 03.55 ТЕЛЕДӨРГЕР. 14.35 АТАМЕКЕН. 15.00 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҒЫРАҚ». 17.10 «ҚЫЗЫК ЕКЕН...». 20.30, 00.15 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА. 22.15 Т/Х «ЛӨЙЛӨ». 23.45 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 01.05 «САНА».	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.25 АУЫЛДАСТАР. 06.30, 17.00, 00.40 АҚПАРАТ. 07.00, 14.25 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 08.00 «ТАՆSHOLPAN». 10.00, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.00 М/Ф. 13.10, 20.00 ЗАМАНДАСТАР. 15.00 Т/Х «МУҚАБАЛЫ. БҮЛ ФАСЫРДАН ЕМЕСПІН...». 17.20, 01.00 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 01.20 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 21.15 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 22.30 «ТҮРКІЯДАҒЫ ҚАЗАҚША БИЗНЕС» Х/Ф. 01.40 Д/Ф. 02.25 АТАМЕКЕН. 02.50 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.10 АУЫЛДАСТАР. 06.40 АҚПАРАТ. 07.00, 02.10 Д/Ф. 07.50 М/Ф. 09.00 АҚСАУЫТ. 09.25, 02.55 ТЕЛЕДӨРГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.00 «ТҮРКІЯДАҒЫ ҚАЗАҚША БИЗНЕС» Х/Ф. 14.15, 21.00 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 15.00 Т/Х «МУҚАБАЛЫ. БҮЛ ФАСЫРДАН ЕМЕСПІН...». 17.00 КОНЦЕРТ. 20.00, 01.05 АПТА. 20.50, 01.55 АҚОРДА. 22.20 «ТОМИРИС» Х/Ф. 03.25 «КУМИС КОМЕЙ».

Дүйсенбі, 3 ақпан	Сейсенбі, 4 ақпан	Сәрсенбі, 5 ақпан	Бейсенбі, 6 ақпан	Жұма, 7 ақпан	Сенбі, 8 ақпан	Жексенбі, 9 ақпан
<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>
05.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «МАМА». 11.30 БАУРЖАН ШОУ. 12.00 PRESIDENT. 12.30, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР FAЖAП». 16.00, 23.15 Т/С «У КАЖДОГО СВОЯ ЛОЖЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ӘЛЕУМЕТ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 21.45 Т/С «ДОС ПЕН ДУШПАН». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРІ. 06.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «МАМА». 11.30 БАУРЖАН ШОУ. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР FAЖAП». 16.00, 23.15 Т/С «У КАЖДОГО СВОЯ ЛОЖЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ИТОҒИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 21.45 Т/С «ДОС ПЕН ДУШПАН». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРІ. 06.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «МАМА». 11.30 БАУРЖАН ШОУ. 12.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 12.30, 22.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР FAЖAП». 16.00, 23.15 Т/С «У КАЖДОГО СВОЯ ЛОЖЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ТАЛҚЫ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 21.45 Т/С «ДОС ПЕН ДУШПАН». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРІ. 06.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «МАМА». 11.30 БАУРЖАН ШОУ. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00 Т/Х «ӨМІР FAЖAП». 16.00, 22.45 Т/С «У КАЖДОГО СВОЯ ЛОЖЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ИТОҒИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 20.00 Т/Х «БАХАР». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРІ. 06.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «МАМА». 11.30 БАУРЖАН ШОУ. 12.00 НЕОСЕТЬ. 12.15 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 12.30, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 22.45 Т/С «ОТПУСК ПО СОБСТВЕННОМУ ЖЕЛАНИЮ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ТАЛҚЫ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МАҢДАЙ ТЕР. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.00 ПРЕЗИДЕНТТІК РЕЗЕРВ. 09.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.00 М/Ф. 11.20 М/Ф «КОРГИ ПО ИМЕНИ МОКО. ЗАЩИТНИКИ ПЛАНЕТЫ». 12.00, 21.45 «ОХРАННИК» Х/Ф. 14.00 ҚЫЗЫК TIMES. 15.30 АСЫЛ ДОМБЫРА. 16.45 ТАМАША. 17.30 «ВЛЮБЛЕН БЕЗ ПАМЯТИ» Х/Ф. 19.00 COVER SHOW. 21.00 7 КУН. 23.45 ОЙНАIQ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МАҢДАЙ ТЕР. 07.00, 18.30 КОНЦЕРТ. 09.15 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 09.45 М/Ф. 10.45 М/Ф «МЫ МОНСТРЫ». 12.00, 23.15 «ИНОСТРАНЕЦ» Х/Ф. 14.00 COVER SHOW. 15.30 ОЙНАIQ. 16.45 ТАМАША. 17.00 «АУЫЛБАЙСКИЙ УЧАСТКОВЫЙ» Х/Ф. 21.00 7 КУН. 21.45 ҚЫЗЫК TIMES. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 3 ақпан	Сейсенбі, 4 ақпан	Сәрсенбі, 5 ақпан	Бейсенбі, 6 ақпан	Жұма, 7 ақпан	Сенбі, 8 ақпан	Жексенбі, 9 ақпан
<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>
06.00, 04.00 ТАМАША СІТУ. 07.00, 19.00 KÖREMIZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 Т/С «ПРОВИНЦИАЛЬНАЯ МАДОННА». 14.00, 01.20 НОВОСТИ. 14.15, 01.35 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. ПРОВЕРКА НА ПРОЧНОСТЬ». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.50 П@УТИНА. 03.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 04.00 ТАМАША СІТУ. 07.00, 19.00 KÖREMIZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ШУЛЕР». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.20 НОВОСТИ. 14.15, 01.35 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. НА ПРОЧНОСТЬ». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.50 П@УТИНА. 03.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 04.00 ТАМАША СІТУ. 07.00, 19.00 KÖREMIZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «АНАТОМИЯ СЕРДЦА». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.20 НОВОСТИ. 14.15, 01.35 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «НЕВСКИЙ. НА ПРОЧНОСТЬ». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.50 П@УТИНА. 03.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 04.00 ТАМАША СІТУ. 07.00, 19.00 KÖREMIZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «АНАТОМИЯ СЕРДЦА». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.20 НОВОСТИ. 14.15, 01.35 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 Т/С «ТАЙНЫ ГОРОДА М. РАССВЕТ НАСТУПИТ НЕЗАМЕТНО». 02.00 «П@УТИНА». 03.10 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 04.10 ТАМАША СІТУ. 07.00, 19.00 KÖREMIZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАҚСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 «АНАТОМИЯ СЕРДЦА», Х/Ф. 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.30 НОВОСТИ. 14.15, 01.45 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 Т/С «ТАЙНЫ ГОРОДА М. РАССВЕТ НАСТУПИТ НЕЗАМЕТНО». 02.00 «П@УТИНА». 03.10 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 03.45 ТАМАША СІТУ. 07.50, 03.00 «П@УТИНА». 09.30 ҚАЙМАҚ. 10.05 «УЛИКИ ИЗ ПРОШЛОГО. РОМАН БЕЗ ПОСЛЕДНЕЙ СТРАНИЦЫ», Х/Ф. 13.45 «КРИВОЕ ЗЕРКАЛО ДУШИ», Х/Ф. 17.20 ТРИ АККОРДА. 19.00 KÖREMIZ-ШОУ. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАЧ МЕН ЕЛ. 20.55 «МИНУТА ТИШИНЫ», Х/Ф. 01.35 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.50 ТАМАША СІТУ. 07.30, 03.05 «П@УТИНА». 09.10 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.25 «АРТИСТКА» Х/Ф. 11.20 Т/С «УЛИКИ ИЗ ПРОШЛОГО. ТАЙНА КАРТИНЫ КОРОВИНА». 14.50 «ДЖИНН» Х/Ф. 18.20 «ВИШЕНКА НА ТОРТЕ» Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 Т/С «МИНУТА ТИШИНЫ». 01.25 «ФАНТАСТИКА. СЛЕДУЮЩИЙ УРОВЕНЬ».

Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір рет өзіңнен өзің есеп ал.  
Абай ҚҰНАНБАЕВ.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

# ҚҰРМЕТТІ БУЛАЕВ ҚАЛАСЫ МЕН МЕДВЕЖКА АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 11 сәуірдегі № 13/21 шешімімен бекітілген қала аумағын абаттандыру жөніндегі ережеге сәйкес іргелес аумақтарды абаттандыру жөніндегі ережені сақтауларыңызды сұраймыз. Суық ауа райының келуімен күрттік қар жаю жүргізушілер мен қарапайым азаматтар үшін №1 проблема айналууда.



Облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 11 сәуірдегі № 13/21 шешімімен бекітілген қала аумағын абаттандыру жөніндегі ережеге сәйкес, күлден тазартылуы тиіс іргелес аумақтарды абаттандыру жөніндегі ережені сақтауыңызды сұраймыз.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексінің 505 бабының ережелеріне сәйкес: осы Ережені бұзғаны үшін ескерту немесе айыппұл қарастырылған:

- жеке тұлғалар 78 640 теңге мөлшерінде (20 айлық есептік көрсеткіш (АЕК), жыл ішінде қайталап бұзылған жағдайда 117 960 теңге (30 АЕК);
- шағын кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар – 117 960 теңге (30 АЕК) мөлшерінде, бір жыл ішінде қайталап бұзылған жағдайда – 157 280 теңге (40 АЕК) мөлшерінде.

Автомобиль жолдарының жүріс бөлігін қардан тазарту жөніндегі арнайы техниканың жұмысы кезінде Сіздің құдықтарыңызға ықтимал зақым келтірмеу мақсатында Булаев қаласы әкімінің аппараты Сізден құдықтарыңызды түрлі-түсті жаулаулармен және басқа да тану белгілерімен белгілеуіңізді сұрайды!

Булаев қаласы әкімінің аппараты.

Аула аумақтарынан және орамшilik өткелдерден тазартылатын қарды аула аумақтарында, автокөліктің еркін өтуіне, жаяу жүргіншілердің қозғалысына кедергі келтірмейтін және жасыл желектермен, кегадармен қамтылмаған жерлерде жинауға жол беріледі.

Сауда орталықтарының, дүкендердің және басқа да коммерциялық құрылымдардың

иелеріне іргелес аумақты тәртіппен ұстау ұсынылады. Тазартылған қарды жолға тастамаңыз, сонымен бірге жолдарда ізаралық салмау қажет. Құрылыстардың жанындағы ұчаскелерден қарды жинау және шығару үшін жауапкершілік оның иесіне жүктеледі.

Жылыту кезеңінің басталуымен өз ауласынан күлді сақтау жағдайлары жиілеп кетті.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

## ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ОҚЫТУҒА ШАҚЫРАДЫ

Мағжан Жұмабаев ауданының мансап орталығы филиалы 2025 жылғы электрлік, бухгалтер, аспазшы, бағдарламашы, тракторшы, электр газбен дәнекерлеуші мамандықтары бойынша қысқа мерзімді оқуға қабылдауды жүргізеді. Оқу мерзімі - 3 ай. Оқыту Петропавл қаласындағы оқу орындарында өтеді, шөкіртақы, жол жүру және тұру ақысы да төленеді. Аяқтағаннан кейін қысқа мерзімді оқудан өткені және тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасқаны туралы сертификат беріледі.

Сондай-ақ, жұмыс берушіде жұмыс орнында

тігінші мамандығы бойынша қысқа мерзімді оқудан өтуге қабылдау жүргізіледі. оқу мерзімі - 3 ай, оқу бітіргеннен кейін бүкіл оқу барысында жалақы төлеу сертификат және тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасу беріледі.

Біздің мекен-жайымыз: Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А.

Жұмыс телефоны: 2-81-54, 2-81-94.

Ұялы телефон: 8-775-007-88-51.

Мағжан Жұмабаев ауданының мансап орталығы филиалы.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

## 5 СӘУІРГЕ ДЕЙІН МОПЕДТЕРДІ ТІРКЕУ ҚАЖЕТ

Құрметті аудан тұрғындары!

Солтүстік Қазақстан облысының полиция департаменті 2025 жылғы 5 сәуірден бастап мопедтерді механикалық келік құралдарына теңестіретін заңнамалық түзетулер (Жол жүрісі туралы ҚР Заңының 41 бабы) заң күшіне енетінін хабарлайды.

2025 жылғы 5 сәуірден бастап мопедтерді пайдалану оларды полицияда тіркеген соң, А1, А санаттардағы жүргізуші куәлігі, техникалық қарап тексеруден өтуі және азаматтық құқықтық жауапкершілікті сақтандыру болуы кезінде рұқсат етіледі.

Мопедтерді тіркеу үшін Петропавл қаласы, Нефтепроводная көшесі, 7 мекенжайындағы МаманХҚҚО-ға жүгіну қажет:

- жеке басын куәландыратын құжаттарды (электрондық түрде мүмкін), мопедтің техникалық құжаттарын немесе техникалық сипаттамалары туралы мәліметтерді ұсыну;
- өтініш толтыру, мопедті қарап тексеру және мопедті тіркегені (0,25 АЕК немесе 983 теңге), тіркеу туралы куәлікті (1,25 АЕК немесе 4 915 теңге) және мемлекеттік мөнірін (1,4 АЕК



немесе 5 505 теңге) бергені үшін мемлекеттік баж төлеу;

- ағымдағы жылғы 5 сәуірден бастап тіркелмеген мопедтерді пайдалану және оларды жүргізуші куәлігімен жүргізуге тыйым салынатынын назарға ала отырып, ИІМ мопедтердің иелерін қазір оларды тіркеуге, сондай-ақ мопедтерді жүргізуге құқықтары жоқ адамдар үшін оларды алу үшін автоматтелтер-

де оқудан өтуге шақырады. Солтүстік Қазақстан облысының полиция департаменті мопедтерді тіркеу және жүргізуші куәліктерін алу мәселесін соңғы күндерге кейінге қалдырмауға кеңес береді.

Қызықтыратын мәселелер бойынша сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін 8(7152)32-00-19, 8(7152)32-00-22 телефондары арқылы хабарласуға болады.

ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ!

## ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРАДЫ



ҚР ҰҚК ІІК СКО департаменті келісімшарт бойынша офицерлік және сержанттық лауазымдарға әскери қызметке келесі талаптарға сәйкес қабылдау жүргізіліп жатқанын хабарлайды.

- офицер лауазымына - 29 жасқа дейін;
- медициналық қызметке - 32 жасқа дейін.
- келісімшарт бойынша әскери қызметке - 34 жасқа дейін.
- бойы 165 см кем емес.
- Офицер лауазымына: жоғарғы білімді (әскери кафедра, әскери институт түлектері). Әскери билеті болуы керек.
- Келісімшарт бойынша әскери қызметке: жоғарғы, орта немесе арнай орта білімді. Әскери билет болуы шарт (әскери міндеттілер, әскери-техникалық мектебінде оқу өткендер).

Қосымша талаптар:

- Созылмалы аурулары мен психиатриялық немесе наркологиялық диспансерлерде жазбалар болмауы керек.
- Кандидат пен жақын туыстарының (өке-шешесі, аға-бауырлары, әпке-қарындастары) сотталмаған болуы керек.
- Әскери қызметшілерге келесідей келіптілдік беріледі:
- Зейнетақыға шегерусіз материалдық қамтамасыз ету (офицерлер жалақысы 370 мың теңгеден бастап, келісімшарт бойынша әскери қызметшілерде 260 мың теңгеден бастап).
- Екі лауазымдық ақы көлемінде төленетін, жалақысы сақталынатын жылсайынғы демалыс.
- Киім-кешекпен қамтамасыз ету.
- Жаңуының өр мүшесіне 48 мың теңге көлеміндегі тұрғын үй төлемі.
- Тегін медициналық қамтамасыз ету.
- Зейнетке шығу жасы - 47 жас.

Сондай-ақ шекара қызметіне келесі мамандық иелері қажет: заңгер, экономист, денсаулық сақтау жұмысшылары, ветеринарлар, жүргізушілер, байланыс мамандары, бағдарламашылар, механиктер, кинологтар, электрліктер.

Қосымша мәліметтер алу үшін төменде көрсетілген мекен жайға хабарласуға болады: Петропавл қаласы, Амангелді көшесі, 137 үй. Байланыс телефондары: 8 (7152) 62-80-42, 62-80-43, 62-80-35. Ұялы телефондар: +7 771 477 6769, +7 778 808 9106, +7 705 844 3060.

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.

ЖЕЛІЛІК ПОЛИЦИЯ ЕСКЕРТЕДІ

Әкімшілік құқықбұзушылық істері жөніндегі қаулылардың орындалуын бақылауды қамтамасыз ету және төленбеген айыппұлдар бойынша борышкерлерді анықтау жұмысын жандандыру мақсатында ағымдағы жылдың 27-30 қаңтар аралығында Булаев станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің қызмет көрсету аумағында «Борышкер» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

## «БОРЫШКЕР» ЖПШ

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап Петропавл ст. Әкімшілік полиция қызметкерлері 31 әкімшілік құқық бұзушылық анықтады, олар бойынша 1 333 280 теңге сомасына айыппұл салынды, оның ішінде 1 058 040 теңге сомасына 21 материал бойынша қысқартылған және ерікті түрде айыппұлдар өндірілді. Өндіріп алу пайызы 79 пайызды құрады.

«Борышкер» ЖПШ-нің бірінші күні Петропавл ст. ӘПҚ ЖПБ қызметкерлері 19 мың 660 теңге сомасында айыппұл өндіріп алды.

«Борышкер» ЖПШ аясында Булаев ст. ЖПБ ӘПБ қызметкерлері Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасымен бірге жұмыс кездесуін ұйымдастырып, 2025 жылдың бір айында және өткен 2024 жылы әкімшілік айыппұл салу туралы қаулыларды орындау бойынша проблемалық мәселелер талқыланды.

Кездесу барысында 2025 жылдың ағымдағы кезеңіндегі және өткен жылғы әкімшілік айыппұлдарды салу туралы қаулыларды орындау жөніндегі мәселелері қаралды.

Кездесу соңында Жеке сот орындаушыларына жолданған материалдар бойынша әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алу жұмысын жандандыру туралы шешім қабылданды.

Булаев станциясындағы желілік полиция бөлімшесі.

<p>Директор - бас редактор Нелі ГОИЧАР</p> <p>Газеттің мөнімік несі: «Газета «Весты» ЖПШ</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Бағдарламашы көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым нөмірісі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Мағжан Жұлдыз» газеті редакциясы теріліп беттеледі. «Сөздері Қазақстан» баспаханасында басылады. (Петропавл қ.с., Қошукон к-сі, 5 үй). Тарауымы - 780</p>	<p>Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың таспарысы бойынша шығарылыны және газеттер арқылы мемлекеттік акпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады</p>
--	--	--	---	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылғы 11 желтоқсанда есепке алынған, №17395-Г қуәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақсала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қоғамдастықтар, хаттар «Мағжан Жұлдыз» газетінің мөніміне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады